

Жолдауды бірге жүзеге асырайың!



Ресейдегі 2009 жылдың 19-ші наурызынан 2012 жылдың 19-ші наурызынан

Еліміздің жаңа Президенті Қасымжомарт Кемелұлы Тоқаев қыркүйектің 2-ші жүлдізында өзінің тарихи құжаты, яғни халыққа Жолдауын жариялады. Өз сөзінде елінің жарқын болашағына кепіл болатын ашық ойларымен, жоспарларын жеткізді.

Менің ойымша, биылғы жолдау «Үлттық бірлік пен елдің әл-ахуалын нығайту» аясында атқарылуға тиіс жұмыстарға толы болды. Мысалы, «Білік пен қоғам арасында тұрақты диалог орнату» қазіргі біздің қоғамымызға ең бір жетіспей отырған сияқты. Себебі, сөздің ашығын айтудың міндеттес жағынан көбінесе қажет, халық пен билік арасында «түсіністік көпір» жоқ.

Президентіміздің осы салаға мән беріп отырғанына мен қуаныштымын. Қазір қоғамға қарасақ, халық ой-пікірі бөлек, билік ойы мұлде бөлек болып барады. Оған билік тарарапынан болған түсініксіз реформалар мен халық атына болған заңсыз митингтер бойынша көрініс тауып отыр.

Президентіміздің бастаумен, біз «Әділеттілікті аңсаған, мақсатымыз айқын еліміздің жалынды жастары», барша ел болып, «Мәңгілік» ел боламыз десек осынау өзекті мәселені бірге шешуге бір адамдай атсалысымыз керек. Тек сонда ғана мемлекетімізді баянды белестер күтетініне шүбәсіз сенемін.

**Айсар ОРАЗАЛЫ,
Ы.Алтынсарин
атындағы АрқМПИ
педагогика және психоло-
гия кафедрасының II курс
студенті.**